2025–2026 оқу жылында қысқы сессия емтихандарын қабылдау түрлері бекітуге ұсынылсын. Кафедра меңгерушілеріне әр пән бойынша емтихан түрін нақтылап, оқу-әдістемелік кеңеске ұсыну тапсырылсын. Қысқы сессияның өту барысын бақылау және емтихан материалдарының сапасын қамтамасыз ету жүктелсін. (Жауапты: кафедра меңгерушілері А.Рысбекова, А.Джумадуллаева, А.Тасова).

**5. Бесінші мәселе бойынша:** Білім беру бағдарламалары бойынша түлектердің жұмысқа орналасуы жағдайын талдау. Факультет пен кафедралар тарапынан 2024–2025 оқу жылының түлектерінің жұмысқа орналасу көрсеткіштері қарастырылды.

Түлектердің білім беру бағдарламалары бойынша алған кәсіби құзыреттерінің еңбек нарығы талаптарына сәйкестігі талданды.

Жұмыс берушілермен байланыс, өндірістік және педагогикалық практикалар нәтижесі, сондай-ақ жұмысқа орналасқан түлектердің үлесі туралы мәліметтер ұсынылды.

Талдау барысында бітірушілердің басым бөлігі мамандықтары бойынша жұмысқа орналасқаны атап өтілді, алайда кейбір бағыттар бойынша мониторинг пен түлектерді сүйемелдеу жұмыстарын күшейту қажеттігі айтылды.

Кафедралар бойынша қазіргі таңға дейінгі жұмыспен қамтылу көрсеткіші төмендегідей: «Мектепке дейінгі және бастауышта білім беру» - 6B01202-Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу -11/78,6, 6B01303-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі-27 / 84,4 пайыз. 7M01303-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі-100 пайыз қамтылды.«Тарих» кафедрасы бойынша6B01615-Тарих-13/ 86,7, 6B02231-Тарих-4 (3 түлек педагогті қайта даярлау курсында) 4/ 57,14, 7M02210-Тарих-100 пайыздық

көрсеткіш. «Педагогика және психология» кафедрасы бойынша -9/ 907 (оның ішінде 1 түлек 2-жоғары білім алуда).

Факультеттің білім беру бағдарламалары бойынша түлектердің жұмысқа орналасуы жағдайын талдау бойынша сөз алған кафедра меңгерушілері келесідей мәлімет ұсынды.

2024-25 оқу жылғы түлектердің саны мен жұмысқа орналасуы туралы мәліметтері және көрсеткіштері

| Білім беру бағдарламасы                              | Түлектер саны | Жұмысқа орналасқан                           | Оқуын жалғастырған | Бала күтімінде | Шетел азаматы | Пайызы            |
|------------------------------------------------------|---------------|----------------------------------------------|--------------------|----------------|---------------|-------------------|
| <b>Бакалавриат</b>                                   |               |                                              |                    |                |               |                   |
| 6B01101-Педагогика және психология                   | 10            | 7 (оның ішінде 1 түлек 2-жоғары білім алуда) | 1                  | 1              |               | <b>9/ 90</b>      |
| 6B01202-Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу        | 14            | 9                                            | 1                  | 1              |               | <b>11/ 78,6</b>   |
| 6B01303-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі | 33            | 11                                           | 10                 | 6              | 1             | <b>27 / 84,4</b>  |
| 6B01615-Тарих                                        | 16            | 12                                           | 1                  |                | 1             | <b>13/ 86,7</b>   |
| 6B02231-Тарих                                        | 7             | 4 (3 түлек педагогті қайта даярлау курсында) |                    |                |               | <b>4/ 57,14</b>   |
| <b>Барлығы</b>                                       | <b>80</b>     | <b>43</b>                                    | <b>13</b>          | <b>8</b>       | <b>2</b>      | <b>64 / 82,05</b> |

2024-25 оқу жылғы Магистратура және докторантура түлектерінің саны мен жұмысқа орналасуы туралы мәліметтері және көрсеткіштері

| Білім беру бағдарламасы                              | Түлектер саны | Жұмысқа орналасқан | Оқуын жалғастырған | Бала күтімінде | Шетел азаматы | Пайызы     |
|------------------------------------------------------|---------------|--------------------|--------------------|----------------|---------------|------------|
| <b>Магистратура</b>                                  |               |                    |                    |                |               |            |
| 7M01101- Педагогика және психология                  | 2             |                    |                    | 1              | 1             | <b>100</b> |
| 7M01303-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі | 5             |                    |                    | 3              | 2             | <b>100</b> |
| 7M02210-Тарих                                        | 1             |                    |                    | 1              |               | <b>100</b> |
| <b>Барлығы</b>                                       | <b>8</b>      |                    |                    | <b>5</b>       | <b>3</b>      | <b>100</b> |

## ШЕШІМ

**2.1:** 2024 жылғы түлектердің жұмысқа орналасуы жайлы мәлімет ОӘК ұсынылсын. (Жауапты: оқу ісі жөніндегі декан орынбасары)

**6.** Алтыншы мәселе бойынша 2025-26 оқу жылы қорытынды аттестаттау комиссиясы төрағалары мен комиссия құрамын анықтау.

2025–2026 оқу жылына арналған қорытынды аттестаттау комиссияларының төрағалары мен құрамын бекіту мәселесі қаралды. Кафедралар ұсынған кандидаттар тізімі таныстырылды. Комиссия төрағалары ретінде тәжірибелі профессор-оқытушылар құрамы қарастырылды.

Комиссия құрамына кафедра меңгерушілері және жетекші оқытушылар енгізілді.

«Тарих» кафедрасының меңгерушісі А.Джумадуллаева сөз алып, 2025-2026 оқу жылында бакалавриат білім беру бағдарламалары бойынша қорытынды аттестаттауда

білімгерлерге ұсынылатын диплом мен дипломдық жоба тақырыптарын қорғауға ҚАК комиссия төрағасы мен мүшелерін төмендегі құрамымен таныстырып шықты.

**6В01101 Педагогика және психология білім беру бағдарламасы бойынша кешенді мемлекеттік емтихан және дипломдық жобаны (жұмысты) қорғау**

| №  | Аты-жөні                        | Ғылыми дәрежесі, атағы | Қызметі                                                   | Жұмыс орны                                                         | Мүшелік атауы     |
|----|---------------------------------|------------------------|-----------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------|-------------------|
| 1. | Боранбаева Ақтолқын Райсбековна | PhD, аға оқытушы       | Арнайы педагогика кафедрасының аға оқытушысы              | Ө.Жанібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті | Комиссия төрағасы |
| 2  | Тасова Асел Баймурзаевна        | PhD, аға оқытушы       | Педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі       | Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті     | Комиссия мүшесі   |
| 3  | Куралбаева Алия Ахметкаримовна  | PhD, доцент            | Педагогика және психология кафедрасының доценті           | Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті     | Комиссия мүшесі   |
| 4  | Искакова Парида Куандыковна     | П.ғ.к., аға оқытушы    | Педагогика және психология кафедрасының аға оқытушысы     | Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті     | Комиссия мүшесі   |
| 5  | Арыстанбаева Алия Турганбаевна  | Аға оқытушы            | Педагогика және психология кафедрасының магистр оқытушысы | Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті     | Хатшы             |

**7М01101 Педагогика және психология білім беру бағдарламасы бойынша кешенді мемлекеттік емтихан және диссертацияны қорғау**

| №  | Аты-жөні                        | Ғылыми дәрежесі, атағы | Қызметі                                                   | Жұмыс орны                                                         | Мүшелік атауы     |
|----|---------------------------------|------------------------|-----------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------|-------------------|
| 1. | Боранбаева Ақтолқын Райсбековна | PhD, аға оқытушы       | Арнайы педагогика кафедрасының аға оқытушысы              | Ө.Жанібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті | Комиссия төрағасы |
| 2  | Тасова Асел Баймурзаевна        | PhD, аға оқытушы       | Педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі       | Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті     | Комиссия мүшесі   |
| 3  | Куралбаева Алия Ахметкаримовна  | PhD, доцент            | Педагогика және психология кафедрасының доценті           | Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті     | Комиссия мүшесі   |
| 4  | Искакова Парида Куандыковна     | П.ғ.к., аға оқытушы    | Педагогика және психология кафедрасының аға оқытушысы     | Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті     | Комиссия мүшесі   |
| 5  | Арыстанбаева Алия Турганбаевна  | Аға оқытушы            | Педагогика және психология кафедрасының магистр оқытушысы | Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті     | Хатшы             |

**6В01202 - Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу білім беру бағдарламасы бойынша кешенді мемлекеттік емтихан және дипломдық жобаны (жұмысты) қорғау**

| № | Мемлекеттік біліктілік комиссиясы мүшелерінің аты-жөні | Ғылыми дәрежесі, атағы | Қызметі | Жұмыс орны | Мүшелік атауы |
|---|--------------------------------------------------------|------------------------|---------|------------|---------------|
|   |                                                        |                        |         |            |               |

|   |                                       |         |                          |                                                                      |                      |
|---|---------------------------------------|---------|--------------------------|----------------------------------------------------------------------|----------------------|
| 1 | Алтынбаева<br>Ботакоз<br>Жумановна    |         | Балабақшаменгер<br>ушісі | Түркістан қаласы, «Сүйкімді<br>балақай-1» бөбекжай<br>балабақшасы    | Комиссия<br>төрағасы |
| 2 | Рысбекова Айман<br>Қалышбаевна        | П.ғ.к   | Кафедра<br>менгерушісі   | Қожа Ахмет Ясауи атындағы<br>Халықаралық қазақ-түрік<br>университеті | Комиссия<br>мүшесі   |
| 3 | Жумадуллаева<br>Айгүл Аязбаевна       | П.ғ.к   | Доцент                   | Қожа Ахмет Ясауи атындағы<br>Халықаралық қазақ-түрік<br>университеті | Комиссия<br>мүшесі   |
| 4 | Мейрбекова<br>Гүлмира<br>Пернебайқызы | PhD     | Аға оқытушы              | Қожа Ахмет Ясауи атындағы<br>Халықаралық қазақ-түрік<br>университеті | Комиссия<br>мүшесі   |
| 5 | Шалабаева Жанар<br>Сүйіндікқызы       | Магистр | Аға оқытушы              | Қожа Ахмет Ясауи атындағы<br>Халықаралық қазақ-түрік<br>университеті | Хатшы                |

**7М01202 - Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу білім беру бағдарламасы бойынша  
кешенді мемлекеттік емтихан және диссертацияны қорғау**

| № | Мемлекеттік<br>біліктілік<br>комиссиясы<br>мүшелерінің<br>аты-жөні | Ғылыми<br>дәрежесі,<br>атағы | Қызметі                  | Жұмыс орны                                                           | Мүшелік<br>атауы     |
|---|--------------------------------------------------------------------|------------------------------|--------------------------|----------------------------------------------------------------------|----------------------|
| 1 | Алтынбаева<br>Ботакоз<br>Жумановна                                 |                              | Балабақшаменге<br>рушісі | Түркістан қаласы «Сүйкімді<br>балақай-1» бөбекжай<br>балабақшасы     | Комиссия<br>төрағасы |
| 2 | Рысбекова Айман<br>Қалышбаевна                                     | П.ғ.к                        | Кафедра<br>менгерушісі   | Қожа Ахмет Ясауи атындағы<br>Халықаралық қазақ-түрік<br>университеті | Комиссия<br>мүшесі   |
| 3 | Жумадуллаева<br>Айгүл Аязбаевна                                    | П.ғ.к                        | Доцент                   | Қожа Ахмет Ясауи атындағы<br>Халықаралық қазақ-түрік<br>университеті | Комиссия<br>мүшесі   |
| 4 | Мейрбекова<br>Гүлмира<br>Пернебайқызы                              | PhD                          | Аға оқытушы              | Қожа Ахмет Ясауи атындағы<br>Халықаралық қазақ-түрік<br>университеті | Комиссия<br>мүшесі   |
| 5 | Сұлтанбек Мәлік<br>Жұпанбекұлы                                     | PhD                          | Аға оқытушы              | Қожа Ахмет Ясауи атындағы<br>Халықаралық қазақ-түрік<br>университеті | Хатшы                |

**6В01303 - Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасы бойынша кешенді  
мемлекеттік емтихан және дипломдық жобаны (жұмысты) қорғау**

| № | Мемлекеттік<br>біліктілік<br>комиссиясы<br>мүшелерінің<br>аты-жөні | Ғылыми<br>дәрежесі,<br>атағы | Қызметі                            | Жұмыс орны                                                            | Мүшелік<br>атауы     |
|---|--------------------------------------------------------------------|------------------------------|------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------|----------------------|
| 1 | Раймбетова<br>Айсулу<br>Балхановна                                 | Педагог-<br>шебер            | Оқу-ісі<br>жөніндегі<br>орынбасары | Түркістан қаласы, М.Әбенова<br>атындағы жалпы білім беретін<br>мектеп | Комиссия<br>төрағасы |
| 2 | Рысбекова Айман<br>Қалышбаевна                                     | П.ғ.к                        | Кафедра<br>менгерушісі             | Қожа Ахмет Ясауи атындағы<br>Халықаралық қазақ-түрік<br>университеті  | Комиссия<br>мүшесі   |
| 3 | Сұлтанбек Мәлік<br>Жұпанбекұлы                                     | PhD                          | Аға оқытушы                        | Қожа Ахмет Ясауи атындағы<br>Халықаралық қазақ-түрік<br>университеті  | Комиссия<br>мүшесі   |
| 4 | Абдуллина<br>Гүлжан<br>Темиршаровна                                | PhD                          | Аға оқытушы                        | Қожа Ахмет Ясауи атындағы<br>Халықаралық қазақ-түрік<br>университеті  | Комиссия<br>мүшесі   |

|   |                              |         |             |                                                                |       |
|---|------------------------------|---------|-------------|----------------------------------------------------------------|-------|
| 5 | Шалабаева Жанар Сүйіндікқызы | Магистр | Аға оқытушы | Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті | Хатшы |
|---|------------------------------|---------|-------------|----------------------------------------------------------------|-------|

**7М01303 - Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасы бойынша кешенді мемлекеттік емтихан және диссертацияны қорғау**

| № | Мемлекеттік біліктілік комиссиясы мүшелерінің аты-жөні | Ғылыми дәрежесі, атағы | Қызметі                      | Жұмыс орны                                                      | Мүшелік атауы     |
|---|--------------------------------------------------------|------------------------|------------------------------|-----------------------------------------------------------------|-------------------|
| 1 | Раймбетова Айсұлу балхановна                           | Педагог-шебер          | Оқу ісі жөніндегі орынбасары | Түркістан қаласы, М.Әбенова атындағы жалпы білім беретін мектеп | Комиссия төрағасы |
| 2 | Рысбекова Айман Қалышбаевна                            | П.ғ.к                  | Кафедра меңгерушісі          | Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті  | Комиссия мүшесі   |
| 3 | Ауезов Батырхан Нағашбекович                           | PhD                    | Аға оқытушы                  | Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті  | Комиссия мүшесі   |
| 4 | Жумадуллаева Айгүл Аязбаевна                           | П.ғ.к                  | Доцент                       | Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті  | Комиссия мүшесі   |
| 5 | Сұлтанбек Мәлік Жұпанбекұлы                            | PhD                    | Аға оқытушы                  | Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті  | Хатшы             |

**6В01615-Тарих білім беру бағдарламасы бойынша кешенді мемлекеттік емтихан және дипломдық жобаны (жұмысты) қорғау**

| № | Мемлекеттік біліктілік комиссиясы мүшелерінің аты-жөні | Ғылыми дәрежесі, атағы | Қызметі                                                        | Жұмыс орны                                                                | Мүшелік атауы     |
|---|--------------------------------------------------------|------------------------|----------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------|-------------------|
| 1 | Сыздықова Гаухар Майсуровна                            | фил.ғ.к., доцент       | Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер кафедрасының меңгерушісі | Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті | Комиссия төрағасы |
| 2 | Джумадуллаева Асель Нурдуллаевна                       | Т.ғ.к., аға оқытушы    | Тарих кафедрасының меңгерушісі                                 | Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті            | Комиссия мүшесі   |
| 3 | Тұрсүн Хазретәлі Маханұлы                              | Т.ғ.д., профессор      | Тарих кафедрасының оқытушысы                                   | Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті            | Комиссия мүшесі   |
| 4 | Зұлпыхарова Эльмира Умерзаховна                        | Т.ғ.к., профессор м.а  | Тарих кафедрасының оқытушысы                                   | Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті            | Комиссия мүшесі   |
| 5 | Оспанова Алия Абдужапаровна                            | PhD аға оқытушы        | Тарих кафедрасының оқытушысы                                   | Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті            | Хатшы             |

**6В02231-Тарихбілім беру бағдарламасы бойынша кешенді мемлекеттік емтихан және дипломдық жобаны (жұмысты) қорғау**

| № | Мемлекеттік біліктілік комиссиясы мүшелерінің аты-жөні | Ғылыми дәрежесі, атағы | Қызметі | Жұмыс орны | Мүшелік атауы |
|---|--------------------------------------------------------|------------------------|---------|------------|---------------|
|---|--------------------------------------------------------|------------------------|---------|------------|---------------|

|   |                                  |                       |                                                                |                                                                           |                   |
|---|----------------------------------|-----------------------|----------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------|-------------------|
| 1 | Сыздықова Гаухар Майсуровна      | фил.ғ.к., доцент      | Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер кафедрасының меңгерушісі | Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті | Комиссия төрағасы |
| 2 | Джумадуллаева Асель Нурдуллаевна | Т.ғ.к., аға оқытушы   | Тарих кафедрасының меңгерушісі                                 | Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті            | Комиссия мүшесі   |
| 3 | Тұрсұн Хазретәлі Маханұлы        | Т.ғ.д., профессор     | Тарих кафедрасының оқытушысы                                   | Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті            | Комиссия мүшесі   |
| 4 | Зұлпыхарова Эльмира Умерзаховна  | Т.ғ.к., профессор м.а | Тарих кафедрасының оқытушысы                                   | Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті            | Комиссия мүшесі   |
| 5 | Оспанова Алия Абдужапаровна      | PhD аға оқытушы       | Тарих кафедрасының оқытушысы                                   | Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті            | Хатшы             |

**7М02210-Тарихбілім беру бағдарламасы бойынша кешенді мемлекеттік емтихан және диссертацияны қорғау**

| № | Мемлекеттік біліктілік комиссиясы мүшелерінің аты-жөні | Ғылыми дәрежесі, атағы | Қызметі                                                        | Жұмыс орны                                                                | Мүшелік атауы     |
|---|--------------------------------------------------------|------------------------|----------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------|-------------------|
| 1 | Сыздықова Гаухар Майсуровна                            | фил.ғ.к., доцент       | Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер кафедрасының меңгерушісі | Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті | Комиссия төрағасы |
| 2 | Джумадуллаева Асель Нурдуллаевна                       | Т.ғ.к., аға оқытушы    | Тарих кафедрасының меңгерушісі                                 | Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті            | Комиссия мүшесі   |
| 3 | Тұрсұн Хазретәлі Маханұлы                              | Т.ғ.д., профессор      | Тарих кафедрасының оқытушысы                                   | Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті            | Комиссия мүшесі   |
| 4 | Зұлпыхарова Эльмира Умерзаховна                        | Т.ғ.к., профессор м.а  | Тарих кафедрасының оқытушысы                                   | Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті            | Комиссия мүшесі   |
| 5 | Оспанова Алия Абдужапаровна                            | PhD аға оқытушы        | Тарих кафедрасының оқытушысы                                   | Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті            | Хатшы             |

**ШЕШІМ:**

2025–2026 оқу жылына арналған қорытынды аттестаттау комиссиясының төрағалары мен мүшелерінің тізімі бекітілсін. Факультет деканына және кафедра меңгерушілеріне комиссия құрамын жоғары оқу орнының академиялық саясаты мен нормативтік құжаттарына сәйкесрәсімдеу тапсырылсын. Комиссия төрағалары мен мүшелеріне қорытынды аттестаттау процесінің сапалы және әділ өткізілуін қамтамасыз ету міндеттелсін. *(Жауапты: кафедра меңгерушілері А.Рысбекова, А.Джумадуллаева, А.Тасова).*

**7. Жетінші мәселе бойынша** кафедралардың оқу-әдістемелік жұмыс жоспарларын талқылау. Факультеттің оқу-әдістемелік төрағасы Г.Абдуллина сөз алып, кафедралардың 2025–2026 оқу жылына арналған оқу-әдістемелік жұмыс жоспарлары қаралды. Жоспарлар пәндердің оқу бағдарламаларына, академиялық күнтізбеге және білім беру бағдарламаларының мақсаттарына сәйкес әзірленгені атап өтілді.

Баяндамашы кафедралар тарапынан әдістемелік нұсқаулықтар, оқу құралдары, электрондық ресурстар дайындау бойынша ұсыныстар енгізілгенін жеткізді.

Талқылау барысында оқу сапасын арттыруға бағытталған қосымша шаралар мен бірлескен әдістемелік семинарлардың өтендігі туралы айтылды.

### **ШЕШІМ:**

Кафедралардың 2025–2026 оқу жылына арналған оқу-әдістемелік жұмыс жоспарлары мақұлданын. (Жауапты: Факультеттің оқу-әдістемелік төрағасы Г.Абдуллина)

**8.** Сегізінші мәселе бойынша ОПҚ-ның әдістемелік семинарлар өткізу барысы бойынша сөз алған факультеттің оқу-әдістемелік төрағасы Г.Абдуллина: «Тарих» кафедрасының доценті, т.ғ.к., М.Жолсейтованың «2025 жылғы жолдау: Жаңа Қазақстанға жаңа қадам» атты әдістемелік семинары жоспар бойынша қыркүйек айында өтілгенін және оның хаттамаланып, семинар баяндамасының дайындалғанын айтып өтті. Баяндамашы семинар барысында Мемлекет басшысының Жолдауында айтылған білім беру жүйесін жаңғырту, педагог мәртебесін арттыру, цифрлық және инклюзивті білім беруді дамыту бағыттары талқыланды.

Оқытушылар мен кафедра мүшелері Жолдаудағы стратегиялық міндеттерді оқу процесіне енгізу жолдары, студенттердің азаматтық жауапкершілігі мен ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбиесін жетілдіру жөнінде пікір алмасты.

### **ШЕШІМ:**

«2025 жылғы Жолдау: Жаңа Қазақстанға жаңа қадам» атты әдістемелік семинардың нәтижесі мақұлданын.

**9.** Тоғызыншы мәселе бойынша Өзара және ашық(мастер класс, ақылдасу) сабақтарда ОПҚ-ның интербелсенді оқыту әдістерімен тәжірибе алмасу барысы.

9.1 Тарих кафедрасының т.ғ.к., Н.Каттабекова қыркүйек айында «Қазақстан тарихы» пәнінен «Түркілер өркениеті және Ұлы Жібек жолы» тақырыбында ашық сабақ өткізіп, өзінің тәжірибесімен бөлісті. Ашық сабақ «Түркілер өркениеті және Ұлы Жібек жолы» тақырыбында өткізілді. Сабақтың мақсаты — ежелгі және ортағасырлық түркі өркениетінің адамзат мәдениетіне қосқан үлесін, Ұлы Жібек жолының тарихи-экономикалық және мәдени маңызын түсіндіру.

Сабақ барысында тарихи деректер, карталар және бейнематериалдар қолданылып, студенттерге түркі халықтарының рухани мұрасы, қала мәдениетінің дамуы және халықаралық сауда байланыстары жөнінде кең мағлұмат берілді. Интербелсенді әдістер — пікірталас, «миға шабуыл», топтық жоба және рөлдік ойын түрлері пайдаланылды.

Сабақ жоғары ғылыми және әдістемелік деңгейде өтіп, студенттердің пәнге қызығушылығын арттырды. Ашық сабақ хаттамаланып, оқу-әдістемелік комитетке өткізілді.

9.2 Жоспар бойынша «Тарих» кафедрасының доценті п.ғ.к., Г.Жораева «Қазақстан тарихы» пәнінен «XV ғасыр–XVIII ғғ Қазақ хандығы және мәдениеті» тақырыбында ашық сабақ өтті.

Сабақтың мақсаты — Қазақ хандығының құрылуы, дамуы және мәдени жетістіктері жөнінде тарихи білімді тереңдету, студенттердің тарихи ойлау қабілеті мен отаншылдық сезімін қалыптастыру болды.

Сабақ барысында интербелсенді оқыту әдістері (топтық талқылау, тарихи тұлғалармен сұхбат, «ой картасы», рефлексия) қолданылды.

Студенттер тарихи деректермен жұмыс жасап, Қазақ хандығының саяси құрылымы, экономикалық дамуы және рухани мәдениеті туралы өз көзқарастарын білдірді.

Сабақтың мазмұны мен құрылымы оқу бағдарламасына толық сәйкес келеді және жоғары әдістемелік деңгейде өткізілді. Ашық сабақ хаттамаланып, оқу-әдістемелік комитетке өткізілді.

9.3 «Мектепке дейінгі және бастауышта білім беру» кафедрасының аға оқытушысы, PhD доктор Г.Абдуллина «Бастауыш сыныпта ағылшын тілін оқыту әдістемесі» пәнінен «Ағылшын тілін оқыту құралдары» тақырыбында ашық сабақ өтті. Сабақтың мақсаты — бастауыш сыныпта ағылшын тілін тиімді оқытуға арналған көрнекі, техникалық және цифрлық құралдардың түрлерін таныстыру және олардың сабақ үдерісіндегі рөлін көрсету.

Сабақ барысында интерактивті тақта, мультимедиялық материалдар, онлайн ойын платформалары (Wordwall, Quizizz, Kahoot) сияқты заманауи оқыту құралдары пайдаланылды.

Оқытушы студенттермен тәжірибелік жұмыс жүргізіп, оқыту құралдарын сабақтың әр кезеңінде тиімді қолдану жолдарын көрсетті.

Сабақ жоғары әдістемелік деңгейде өтті және студенттердің кәсіби дайындық сапасын арттыруға оң әсер етті. Ашық сабақ хаттамаланып, оқу-әдістемелік комитетке өткізілді.

### ШЕШІМ:

Оқытушылардың ашық сабақтары тәжірибе ретінде кафедраның оқу-әдістемелік жұмысында үлгі ретінде таратылсын. (Жауапты: Факультеттің оқу-әдістемелік төрағасы Г.Абдуллина)

**10.** ОПҚ-ның оқу, оқу-әдістемелік басылымдарының орындалу барысы мен сарапшы және рецензенттер бекіту.

11. Әртүрлі мәселелер:

1. "Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы-2025" Республикалық конкурсына қатысу үшін, университет құрамында штаттық профессорлық-оқытушы құрамынан үміткерлерді іріктеу конкурсының I кезеңін университетте 2025 жылдың 11 қарашаға дейін өткізілетіні туралы факультеттің кафедраларына хабарланды. Кафедралардан келген ұсыныстарға сәйкес конкурсқа қатысатын үміткерлерге конкурс ережесі таныстырылды. Ереже бойынша қатысу ескертілді және ережесімен таныстырылды. Тарих кафедрасынан кафедрасының профессоры, т.ғ.д., Тұрсұн Хазретәлі Маханұлы және т.ғ.к, доцент Жораева Гулжамал Тулегеновна құжаттарын жинақтап «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы – 2025» байқауына қатысуға ұсыныс жасады.

Факультет оқу-әдістемелік комитет төрағасы Г.Абдуллина сөз алып, т.ғ.д., профессор Тұрсұн Хазретәлі Маханұлының және т.ғ.к, доцент Жораева Гулжамал Тулегеновна «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы – 2025» байқауына қатысу үшін құжаттарын қарауды ұсынды.

Факультет деканы А.Куралбаева: Хазретәлі Маханұлы Тұрсұн 2001 жылы қаңтар-желтоқсан аралығында Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Түркология институтында кіші ғылыми қызметкері болып орналасты. 2001 жылдың 21 қыркүйегінде ҚҒА Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты жанындағы диссертациялық кеңесте «Қоқан (Түркістан) автономиясының құрылуы мен күйреуі (1917-1918)» деген тақырыппен кандидаттық диссертациясын қорғады (ғылыми жетекшісі т.ғ.д., профессор К.Нұрпейіс). 2002 жылдың қыркүйегінен осы кезге дейін аталған университеттің Қазақстан тарихы, Тарих кафедрасында доцент, профессор болып қызмет істеп келеді. 2010 жылы 23 қыркүйекте Шәкәрім атындағы

Семей мемлекеттік университетінің жанындағы тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін беру жөніндегі БД 14.70.01 диссертациялық кеңесте «Түркістанның этносаяси үдерістеріндегі ұлттық элита қызметінің тарихы (XX ғ. алғашқы ширегі)» тақырыбындағы 07.00.02 - Отан тарихы (Қазақстан Республикасының тарихы) мамандығы бойынша тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алуға дайындаған диссертациясын екінші рет қорғады (ғылыми кеңесшілері - ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор К.Н.Нұрпейіс; тарихғылымдарының докторы, профессор Е.Б.Сыдықов)

ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің 2011 жылғы 14 маусымдағы шешімімен педагогика мамандығы бойынша доцент атағы берілді. ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің 2011 жылғы 16 маусымдағы шешімімен тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесі берілді.

2004 жылы «Мектепте тарихты оқыту әдістемесі» атты тарих мамандығының студенттеріне арналған оқулығы, 2006 жылы «Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы және Түркістан мұхтарияты», 2013 жылы «Алаш һәм Түркістан» атты монографиясы жарық көрді. Жарияланған мақалалары мен кітаптарының жалпы саны – 400-ге жуық. Оның ішінде монографиялар мен құрастырған құжаттар жинақтарының саны – 10-нан аса, 6 оқулықтары мен оқу-құралдары жарық көрген.

2007 жылы Түркістан қаласы бойынша «Жылдың үздік ғалымы» номинациясымен жеңімпаз атанды. Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің Қорқыт Ата атындағы Алтын медалімен (2018), ҚР ҰҒА тарапынан Алашорда үкіметі мен Алаш автономиясының 100 жылдығы құрметіне естелік медальмен (2018), Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің дамуына ерекше үлес қосқаны үшін «Ұлағатты ұстаз» төсбелгісімен (2019) марапатталған. 2013 жылдан Тарих және қоғамдық ғылымдар академиясының академигі. 2021 ж. «Қазақстан Республикасы тәуелсіздігіне 30 жыл» медалімен және ҚР БҒМ Мақтау грамотасымен, Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын толық ақтау жұыстары үшін ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың Алғыс хатымен (2023) марапатталған.

«Түркістан - руханият бесігі» атты портфельдік инновациялық жобасы бойынша «Түркістан – руханият бесігі» атты 4 тілді(қазақ, түрік, ағылшын, орыс) лингво-өлкетанымдық энциклопедиясын шығаруға қатысты. ҚР БҒМ Ғылым комитетінің «Ұлы Даланың ұлы тұлғалары» атты жобасына және көптомдық тарихи энциклопедияны шығаруға қатысты.

Тұрсұн Хазретәлі Маханұлы Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі қаржыландыратын 2021-2023 жж. «BR10164268 Қазақстандағы рухани жерасты мешіттерінің тарихы және «Қылу» жерасты мешітін музейлендіру» жобасына жетекші болған.

Тұрсұн Хазретәлі Маханұлының ғылыми еңбектері жарық көрген, оның ішінде нөлдік емес импакт-факторға ие Скопус базасындағы журналдарда – 23 мақала; Web of science базасында 10 мақала, уәкілетті орган ұсынатын басылымдарда – 30 мақала; шетелдік және Отандық ғылыми журналдарда және конференцияларда – 94, Оқу-әдістемелік мақалалары - 8. Coursera платформасында – 2 курс алған. Үміткердің жеке авторлығымен 40 монография жарық көрген «Қазақстан тарихы», «Отандық тарих ғылымындағы тарих психологиясы» пәндерінен лекция бейнесабақтары бар екендігін айтып өтті.

Сонымен қатар, факультет деканы А.Куралбаева: Жораева Гулжамал Тулегеновна университетте 2000-2002 жж. магистратура, 2002-2008 жж. аспирантурада білім алып, 2007 жылы Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтында кандидаттық диссертациясын сәтті қорғаған. 2002 жылдан қазіргі уақытқа дейін Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде қызмет атқарып келеді. Жалпы жұмыс өтілі 23 жыл. Ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі 23 жыл. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы қадағалау және аттестаттау комитетінің 2007 жылғы 22 қарашадағы шешімімен (№9 хаттама)

негізінде тарих ғылымдарының кандидаты (17 жыл), 2008 жылдан университеттің доцент міндетін атқарушысы (16 жыл) қызметін атқаруда. 2020 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі тағайындаған «Мемлекеттік ғылыми стипендия» иегері атанды. ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2025 жылы мамыр айында 60100-Тарих және археология бағыты бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алды.

04.09.2023-04.03.2024 аралығында Түркия/Анталья Ақдениз университеті (Тарих) мамандығы бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің «БОЛАШАҚ» Халықаралық бағдарламасы шеңберінде ғылыми тағылымдама бағдарламасының түлегі.

Тарих кафедрасының т.ғ.к, доценті Жораева Гулжамал Тулегеновнаның ғылыми еңбектері жарық көрген, оның ішінде нөлдік емес импакт-факторға ие Скопус базасындағы журналдарда – 2 мақала; Web of science базасында 1 мақала, уәкілетті орган ұсынатын басылымдарда – 5 мақала; шетелдік және Отандық ғылыми журналдарда және конференцияларда – 6. Coursera платформасында – 1 курс ағанан. Үміткердің жеке авторлығымен 1 оқу құралы жарық көрген. Сонымен қатар ұжымдық 2 оқу құралының авторы болып табылады. Бұл оқу құралдары білім беру процесінде қолданылып келе жатыр. «Қазақстан тарихы» пәнінен лекция бейнесабақтары бар.

### ШЕШІМ:

«Тарих» кафедрасының профессоры, тарих ғылымдарының докторы Түрсүн Хазретәлі Маханұлының құжаттары және «Тарих» кафедрасының доценті, тарих ғылымдарының кандидаты Жораева Гулжамал Тулегеновнаның құжаттары «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы-2025» байқауына қатысу үшін университет Сенатына ұсынылсын.

2. 2025–2026 оқу жылындағы 28 тамыз күнгі №1 Сенат мәжілісінің 3.3 тармағының шешімі бойынша бекітілген Академиялық күнтізбеге сәйкес, Білім беру және гуманитарлық зерттеулер факультетіне қарасты 2024–2025 оқу жылында білімін аяқтай алмаған студенттердің қорытынды аттестаттауын қабылдау нысанын бекітутуралы ұсыныс.

Факультет деканы А.Куралбаева 2024–2025 оқу жылында академиялық қарызы болған және білімін толық аяқтай алмаған студенттердің қорытынды аттестаттауға қатысуы туралы ұсыныс жасады.

2025–2026 оқу жылының Академиялық күнтізбесіне сәйкес, аталған студенттер үшін қорытынды аттестаттау төмендегі білім беру бағдарламалары бойынша өткізілді:

### ШЕШІМ:


2024–2025 оқу жылында білімін аяқтай алмаған студенттердің 2025–2026 оқу жылында қорытынды аттестаттаудан өтуі бекітілген Академиялық күнтізбеге сәйкес өткізілсін. Қорытынды аттестаттау нәтижелері белгіленген тәртіппен рәсімделіп, бекітуге ұсынылсын.

Факультеттің оқу-әдістемелік  
комитет төрағасы:



Г.Т.Абдуллина

Хатшы:



А. Жұмабай

